Орталық депозитарийдің негізгі құндылықтарының бірі ашықтық болып табылады, сондықтан 2025 жылы ішкі коммуникацияларды дамытуға ерекше назар аударылды. Осы бағыт шеңберінде “KCSД Team” корпоративтік telegram-арнасы белсенді пайдаланылды, онда корпоративтік құндылықтар, жаңалықтар, бос орындар, өнім командалары, Орталық депозитарийдің бизнес-бөлімшелері тақырыптарында материалдар жарияланды, сондай-ақ сауалнамалар жүргізіліп, сұхбаттар орналастырылды.

Қызметкерлерді біріктіретін және ортақ құндылықтарды көрсететін корпоративтік дәстүрлерді дамыту шеңберінде 2025 жылы ұлттық мәдениеттің апталық күнін өткізу бастамасы жалғасты. Әр жұма күні бейнені ұлттық мәдениетке байланысты киім элементтерімен немесе аксессуарлармен толықтыру ұсынылды.

Әлеуметтік-маңызды бастамалар мен жобалар

Қоғамға қосқан үлесі тұрақты және жауапты іскерлік тәжірибені дамыту жөніндегі Орталық депозитарийдің жүйелі жұмысының бөлігі болып табылады. Іске асырылып жатқан жобалар қызметкерлердің қоғамдық пайдалы іс-шараларға қатысуы арқылы қоғамды қолдауға, кәсіби ортаны дамытуға және корпоративтік мәдениетті нығайтуға бағытталған.

2025 жылы:

- 📌 білім беру мекемелерімен өзара іс-қимыл шеңберінде Орталық депозитарийдің қызметкерлері Naғхоз және AlmaU оқу орындарын қоса алғанда, Алматы қаласының жетекші университеттерінің студенттеріне дәрістер өткізді
- 📌 Орталық депозитарий жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен баланы емдеуге қаражат жинайтын қорға 10 миллион теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті
- 📌 Орталық депозитарийдің қызметкерлері ауыр науқас баланы шетелде емдеуге қаражат жинау үшін қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды

2.4. Корпоративтік және ESG-басқару

2.4.1. Қазақстан Республикасының экономикасы мен қаржы жүйесінің тұрақты дамуына жәрдемдесу

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің орнықты жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымдық қатысушысы бола отырып, Орталық депозитарий тұрақты экономикалық дамудың маңызды шарты болып табылатын қаржы құралдарымен операциялардың сенімділігін, ашықтығын және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Орталық депозитарийдің қызметі қаржы құралдарына құқықтарды үздіксіз және қауіпсіз есепке алуды қамтамасыз етуге, бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүргізуге және капитал нарығының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Сенімді посттрейдингтік инфрақұрылым инвесторлардың сенімін нығайтуға, елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және экономикаға ұзақ мерзімді капиталды тарту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Орталық депозитарий қызметінің маңызды бағыты халықаралық ынтымақтастықты дамыту және шетелдік орталық депозитарийлермен және халықаралық қаржы институттарымен депозитаралық байланыстар орнату болып табылады.

Бұл қазақстандық капитал нарығының жаһандық қаржы жүйесіне интеграциялануына, отандық эмитенттер мен инвесторлардың халықаралық нарықтарға қолжетімділігін кеңейтуге және Қазақстанның өңірлік қаржы хабы ретіндегі рөлін нығайтуға ықпал етеді.

Орталық депозитарий сонымен қатар цифрлық технологияларды енгізуді және цифрлық қаржы активтері нарығын қалыптастыруды қолдауды қоса алғанда, жаңа инфрақұрылымдық шешімдерді дамытуға қатысады. Тиісті инфрақұрылымды дамыту қаржы процестерінің тиімділігін арттыруға, экономиканы қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейтуге және инвестициялар тарту үшін жаңа құралдар жасауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, Орталық депозитарий корпоративтік басқаруды жетілдіруге, тәуекелдерді басқаруға және адами капиталды дамытуға назар аударады. Процестердің ашықтығын арттыру, басқарудың заманауи стандарттарын енгізу және қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту ұйымның өзі мен барлық қаржылық инфрақұрылымның тұрақтылығына ықпал етеді.



2.4.2. Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас

Орталық депозитарий бизнес-шешімдер қабылдау процесінде мүдделі тараптардың ашықтығы, пікірлері мен мүдделерін есепке алу және тұрақты дамуға қатысты Орталық депозитарийдің шешімдері мен іс-әрекеттері туралы сапалы, уақтылы және сенімді ақпарат беру қағидаттары негізінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайды.

Мүдделі тараптарға Орталық депозитарийдің қызметіне тартылған не мүдделері Орталық депозитарийдің қызметімен немесе соған байланысты қозғалатын жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар топтары, оның ішінде Орталық депозитарийдің акционерлері, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлері, клиенттері (бар болған, сондай-ақ әлеуетті де) және Орталық депозитарийдің контрагенттері және олардың лауазымды адамдары және Орталық депозитарий өз қызметін жүзеге асыру кезінде араласатын адамдар мен қызметкерлер, жергілікті және басқа да қауымдастықтар, сондай-ақ мемлекет пен тұтастай қоғам жатады.

Тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық депозитарий тәсілдер кешенін пайдаланады.

Ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды дамыту

Орталық депозитарий шетелдік депозитарийлермен, қаржы институттарымен және халықаралық ұйымдармен стратегиялық ынтымақтастықты белсенді түрде құруда. Бұл тәжірибе алмасуға, үздік тәжірибелерді енгізуге және қазақстандық нарықты халықаралық қаржы жүйесіне біріктіруге мүмкіндік береді.

Кері байланыс және мүдделерді есепке алу

Нарық қатысушыларының пікірлері мен қажеттіліктерін есепке алу үшін кері байланыс тетіктері, сауалнамалар мен сараптамалық сессиялар енгізіледі. Алынған ақпарат сервистерді жетілдіру, жаңа өнімдерді әзірлеу және қызмет көрсету сапасын арттыру үшін пайдаланылады.

Корпоративтік басқару және ашықтық

Акционерлермен және реттеушілермен өзара іс-қимыл корпоративтік басқару стандарттарын қатаң сақтау және ақпаратты ашу негізінде құрылады. Бұл ұйымға деген сенімді нығайтады және қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттырады.

Қызметкерлерді тарту және корпоративтік мәдениетті дамыту

Орталық депозитарийдің қызметкерлері ішкі мүдделі тараптар бола отырып, Орталық депозитарийдің қызметіне тиімділікті басқару жүйесі, тұрақты хабардар ету, оқыту және уәждемелік бағдарламалар арқылы тартылады. Бұл тұрақтылыққа, жауапкершілікке және инновацияға бағытталған бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

2.4.3. Корпоративтік басқару жүйесі

Корпоративтік басқару жүйесіне келесідей органдар кіреді:

- жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма.

Директорлар кеңесі жанынан келесідей комитеттер құрылды:

- Стратегия, тәуекелдер, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті;
- Аудит комитеті.

2025 жылы Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы және Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтті.

Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2025 жылғы 29 мамырдағы шешімімен (№1 хаттама) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілін, Орталық депозитарийдің үш тәуелсіз директорын, Орталық депозитарий акционерлерінің екі өкілін және Басқарма төрағасын қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы айқындалды:

1. Молдабекова Алия Мейрбековна, Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚҰБ төрағасының орынбасары (Орталық депозитарий акционерлерінің өкілі).
2. Мухамеджанов Адиль Нурланович, KASE Басқарма төрағасы (Орталық депозитарий акционерлерінің өкілі).
3. Жолдасбеков Азамат Мырзаданович, (Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры).
4. Карагусов Фархад Сергеевич, Халықаралық қаржы корпорациясындағы консультант (Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры).

5. Медеу Едил Ахметқалұлы (Басқарма төрағасы).
6. Серж Крист, нетворкингті басқарудың жаһандық басшысы (Солтүстік және Оңтүстік Америка, Орталық және Шығыс Еуропа, Ресей, ТМД және Орталық Азия) (Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры).
7. Хаджиева Мария Жамаловна, ҚНА төрағасының орынбасары (қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі).

Директорлар кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 3 маусымдағы отырыстың № 37 хаттамасы) Директорлар кеңесі комитеттерінің мынадай сандық құрамы айқындалды.

1. Директорлар кеңесінің Стратегия, тәуекелдер, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті – алты адам:

- 1) Джолдасбеков Азамат Мырзаданович (Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры);
- 2) Карагусов Фархад Сергеевич (Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры);
- 3) Медеу Едил Ахметқалұлы (Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы);
- 4) Мухамеджанов Адиль Нурланович (Директорлар кеңесінің мүшесі, KASE өкілі);
- 5) Вахидов Батур Алчинович (Комитет мүшесі, ҚҰБ өкілі);
- 6) Хаджиева Мария Жамаловна (Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚНА өкілі).

2. Директорлар кеңесінің Аудит комитеті – үш адам:

- 1) Джолдасбеков Азамат Мырзаданович (Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры);
- 2) Карагусов Фархад Сергеевич (Директорлар кеңесінің мүшесі, Орталық депозитарийдің тәуелсіз директоры);
- 3) Мухамеджанов Адиль Нурланович (Директорлар кеңесінің мүшесі, KASE өкілі).

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен регламенттеледі. 2025 жылы:

- Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің Стратегия, тәуекелдер, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің 17 отырысы;
- Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің тоғыз отырысы өткізілді.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі мүшелерінің 12 күндізгі және 69 сырттай дауыс беруі өтті, онда 145 мәселе қаралды.

Орталық депозитарийде тиімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз ететін мынадай құжаттар әзірленіп, қабылданды:

- Жарғы
- Директорлар кеңесі туралы ереже
- Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже
- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің регламенті
- Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жөніндегі регламенті
- Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу қағидалары
- Басқарма регламенті
- Директорлар кеңесі бекітетін тұрақты жоспарларды әзірлеу және Директорлар кеңесінің олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру қағидалары

- Тәуекелдерді басқару саясаты
- Ішкі бақылау жүйесін құру саясаты
- Қаржылық есептілік аудитін ұйымдастыру саясаты
- Ішкі аудитті жүзеге асыру қағидалары
- Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету саясаты

Орталық депозитарий Басқармасының құрамы:

1. Медеу Едил Ахметқалұлы – Басқарма төрағасы (2025 жылғы 14 сәуірдегі отырыстың № 23 хаттамасы).
2. Шатанов Алан Алтаевич – Басқарма төрағасының орынбасары (2010 жылғы 15 шілдедегі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы).

3. Сейтказин Бакытжан Майданович – Басқарма төрағасының орынбасары (2025 жылғы 7 наурыздағы отырыстың № 11 хаттамасы).
4. Камчатный Александр Александрович – Басқарма төрағасының орынбасары (2025 жылғы 15 мамырдағы отырыстың № 35 хаттамасы).
5. Абитаева Зарина Мухтаровна – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі (2025 жылғы 15 мамырдағы отырыстың № 35 хаттамасы).

2025 жылы Басқарманың 53 отырысы өткізіліп, онда 228 мәселе қаралды.

2.4.4. Ішкі аудит және ішкі бақылау жүйесі

Орталық депозитарийдің Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады. Ішкі аудит қызметімен жедел өзара іс-қимылды және Директорлар кеңесі тарапынан оның қызметіне ағымдағы бақылауды, Ішкі аудит қызметінің қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауды және ұсынуды Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындайды.

2025 жылы Ішкі аудит қызметі 18 аудит жүргізді. Орталық депозитарийдің ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің барлық анықталған кемшіліктері мен мүмкіндіктері Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есептерінде көрсетілген. Аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Директорлар кеңесі тарапынан тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында Басқарма кемшіліктерді жою және тексеру нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын енгізу бойынша есептер жасайды. Жоспарлардың орындалуына мониторингті Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын Басқарманың есептерін іс-шараларды орындаудың барабарлығы, толықтығы, уақтылығы мен сапасы тұрғысынан тексеру, сондай-ақ Басқарманың, Аудит комитетінің және тексеру нәтижелеріне қатысты Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау арқылы жүзеге асырады.

2.4.5 Физикалық және ақпараттық қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар өзектендірілді.

Қауіпсіздік бөлімі Орталық депозитарий қызметкерлерінің арасында ақпараттық қауіпсіздік талаптарын, еңбекті қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша оқыту іс-шараларын өткізді.

Есептік кезең ішінде табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде (өрт, жер сілкінісі) ғимараттан эвакуациялау бойынша оқыту жүргізілді.

Орталық депозитарий офисінің физикалық қорғау периметрін техникалық нығайту жүргізілді: төлем жүйелерінің үй-жайларында бейнебақылау камералары мен күзет-дабыл сигнализациясы жүйелері орнатылды. Орталық депозитарий ғимаратының кіреберістері мен шығатын есіктері қосымша қашықтан қол жеткізуді бақылау жүйесімен жабдықталған.

Қауіпсіздік бөлімі Орталық депозитарийдің бизнес-процестерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне жоспарлық тексеру жүргізді. ҚҰБ Қауіпсіздік департаменті Орталық депозитарийдің ақпараттық жүйелерін сканерледі, жауапты бөлімшелерге анықталған осалдықтарды жою бойынша ұсыныстар берілді.

Есептік кезеңде ақпараттық қауіпсіздіктің үш оқиғасы анықталып, жойылды.

CSP (Customer Security Programme) бағдарламасы бойынша SWIFT талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілді.

Орталық депозитарийдің ақпараттық инфрақұрылымында (прокси-сервер) Интернет желісіне қол жеткізуді қорғау жүйесі және Орталық депозитарийдің желілік инфрақұрылымына қол жеткізу құқықтарын өзекті және негізделген жағдайда тұрақты ұстап тұруды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі енгізілді.

2.4.6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары және бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері

Орталық депозитарий барлық формалар мен көріністерде сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің ажырамас элементі, сондай-ақ клиенттер, контрагенттер, реттеушілер және өзге де мүдделі тараптар тарапынан сенімді қолдау негізі ретінде қарастырылады.

Орталық депозитарий өз қызметінде қолданылатын заңнаманың талаптарын, ішкі нормативтік құжаттарды және бизнесті адал жүргізудің жалпы қабылданған стандарттарын басшылыққа алады.

Орталық депозитарийде бақылау тетіктерін, мүдделер қайшылығын реттеу рәсімдерін, іскерлік этика қағидаларын және ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған арналарды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған шаралар жүйесі енгізілді және қолдау көрсетіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі нормативтік құжаттар:

- 🔴 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- 🔴 Мүдделер қайшылығын басқару саясаты
- 🔴 Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты
- 🔴 Сыйлыққа қатысты саясат

Орталық депозитарийдің әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқытудан өтеді және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға дербес жауапты болады. Жоғарыда айтылғандардан басқа, Орталық депозитарийде оның әрбір қызметкеріне өзінің жақын туыстарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен шектеулерді сақтау бөлігінде Орталық депозитарийдің саясаттары мен рәсімдерімен таныстыру міндеті жүктелген.

2025 жылы Орталық депозитарийде сыбайлас жемқорлық жағдайлары анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін құрылымдық бөлімше Комплаенс-бақылау қызметі болып табылады.

Орталық депозитарийдің Комплаенс-бақылау қызметі Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне есеп береді, өз функцияларын Орталық депозитарийдің Басқармасы мен лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, өз функцияларын Орталық депозитарийдің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастырмайды, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асырады.

Орталық депозитарийдің Комплаенс-бақылау қызметі тоқсан сайын Директорлар кеңесіне анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, оларды жою (бар болса), осындай тәуекелдердің туындауын болғызбау, оларды барынша азайту және төмендету жөнінде қабылданған шаралар туралы есеп береді.

Орталық депозитарий бұзушылықтар туралы хабардар ету тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мүдделі тұлғалар сыбайлас жемқорлық фактілері, заңнаманың, ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы және өзге де комплаенс-тәуекелдер туралы электрондық почта арқылы хабарлай алады.

Хабарламалар конфиденциалдылық, объективтілік және ықтимал бұзушылықтар туралы адал хабардар ететін адамдарды қудалауға жол бермеу қағидаттарын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен қаралады.

Орталық депозитарий Орталық депозитариймен байланысты ерекше қатынастармен жасалған мәмілелерді тұрақты негізде бақылайды. Мұндай мәмілелер болған кезде олар мақұлдау немесе бас тарту мақсатында Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Жалпы, Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және өзінің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық талаптарды сақтайды, өзінің нормативтік базасын тұрақты негізде жетілдіреді.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҮЙЕНІҢ СЕНІМДІЛІГІ

3





Орталық депозитарий тәуекелдерді басқару, өзінің қаржылық тұрақтылығын және өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше мән береді

Орталық депозитарий инфрақұрылымдық ұйым болып табылады және қаржы ұйымдарын ҚҰБ Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысымен бекітілген Жүйелік маңызы бар ұйымдардың қатарына жатқызу қағидаларына және ҚҰБ Төрағасының 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарының қатарына жатқызылған. Осыған байланысты Орталық депозитарий тәуекелдерді басқару, өзінің қаржылық тұрақтылығын және өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше мән береді.

Орталық депозитарий қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін растау мақсатында 2025 жылы Орталық депозитарий Төлемдер және нарықтық инфрақұрылымдар жөніндегі комитет (СРМІ) және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) әзірлеген Қаржы нарығының инфрақұрылымдары (PFMI) үшін қағидаттардың сақталуын кезекті өзін-өзі бағалауды жүргізді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша Орталық депозитарий қызметінің Қаржы нарығының инфрақұрылымдары үшін қағидаттарға сәйкестігін растайтын тиісті есеп дайындалды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері мен есептің қорытындылары Орталық депозитарийдің операциялық моделінің сенімділігін, оның тәуекелдерді басқару жүйесінің жетілуін және қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді.

Орталық депозитарий өзінің негізгі бизнес-процестерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары мен рәсімдерін дәйекті жетілдіруді жүзеге асырды, сондай-ақ Tier III халықаралық сенімділік стандартына сәйкес келетін географиялық бөлінген АТ-инфрақұрылымын пайдалануды жалғастырды.

Тәуекелдерді басқарудың қосымша шарасы ретінде Орталық депозитарий тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асырады. 2025 жылы Орталық депозитарий 1 млрд теңге сомасына өзінің тәуекелдерін (кәсіби жауапкершілігін) сақтандыруды жүзеге асырды. Сақтандыру полисі құқыққа қайшы әрекеттермен, компьютерлік қылмыстармен және іркілістермен, қызметкерлердің қателіктерімен, сондай-ақ өзге де тәуекелдермен байланысты тәуекелдерді қамтиды. 2025 жылы сақтандыру жағдайлары болған жоқ.

Evolving Role of CSDs in Transforming the Global Financial Market Landscape



КССД ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2025

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ
ЖАЙҒАСТЫРУ**

4

WFC2025 форумы әлемнің 55-тен астам елінен 80 қаржы ұйымының 220-дан астам өкілін, соның ішінде жетекші халықаралық институттар мен ұйымдардың басшыларын біріктірді



Қарастырылып отырған кезеңде Орталық депозитарийдің халықаралық қызметі оның жаһандық қаржы инфрақұрылымының сенімді элементі ретіндегі рөлін нығайтуға, шетелдік депозитарийлермен және халықаралық ұйымдармен әріптестікті кеңейтуге, сондай-ақ жергілікті капитал нарығының тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Аталған басымдықтарды дамыту үшін 2025 жылы Түркия, Әзірбайжан және Тәжікстанның орталық депозитарийлерінде шоттар ашылды, бұл Орталық депозитарийдің халықаралық есеп айырысулары мен клиенттерінің шетелдік нарықтарға қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етті. Сонымен қатар, есептік жылы халықаралық өзара іс-қимылды тереңдету мақсатында Орталық депозитарий Сауд Арабиясы, Қытай, Индонезия және Әзірбайжанның орталық депозитарийлерімен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойды.

Алматыда Орталық депозитарий ұйымдастырған Бағалы қағаздар орталық депозитарийлерінің Дүниежүзілік форумын (WFC2025) өткізу белсенді халықаралық күн тәртібінің негізгі жалғасы болды. WFC2025 форумы “Бағалы қағаздардың орталық депозитарийлерінің эволюциясы: трейдингтен кейінгі инфрақұрылымның сын-тегеуріндері, мүмкіндіктері мен болашағы” тақырыбына арналды және әлемнің 55-тен астам елінен 80 қаржы ұйымының 220-дан астам өкілін, соның ішінде жетекші халықаралық институттар мен ұйымдардың басшыларын біріктірді.

WFC2025 шеңберінде WFC Кеңесінің отырыстары, ACG, AECSD және AMEDA жылдық жалпы жиналыстары және ACG Атқару комитетінің отырысы өтті. WFC Кеңесіне екі жыл төрағалық еткеннен кейін Орталық депозитарий WFC хатшылығының функцияларын аяқтады. Белгіленген WFC процедураларына сәйкес функциялар келесі WFC хатшылығына – Түркияның Орталық депозитарийі Merkezi Kayıt Kuruluşu A.Ş.-ға берілді, ал форумның келесі ұйымдастырушысы Канаданың Орталық депозитарийі TMX болып сайланды.



Халықаралық іс-шараларды ұйымдастырумен қатар, Орталық депозитарий қаржы нарықтарының инфрақұрылымдарын дамытуға арналған негізгі халықаралық және өңірлік кәсіби іс-шараларға қатысып, олардың жұмысына үлес қосты. 2025 жылдың мамырында Орталық депозитарий Цюрихтегі ISSA “Shaping Securities Services – Clients, Risks, and Technologies” симпозиумына қатысты, онда депозитарлық қызметтер саласындағы заманауи үрдістер, тәуекелдерді басқару және сауда-саттықтан кейінгі ортадағы технологиялық инновациялар талқыланды.

Халықаралық форматтағы сараптамалық өзара іс-қимылды жалғастыра отырып, 2025 жылғы 12-15 мамыр аралығында Орталық депозитарийдің делегациясы Мәскеуде өткен ЕОДҚ жыл сайынғы оқыту семинарына қатысты. Орталық депозитарий ЕОДҚ қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының отырысында іске асырылған бастамалар мен жоспарланған жобалар туралы ақпаратты ұсынды. Сонымен қатар, Орталық депозитарий “Еуразияның қаржы нарықтарының инфрақұрылымы: өзара өркендеу үшін тиімді ынтымақтастық” пленарлық сессиясының басқа қатысушыларымен бірлесіп, трейдингтен кейінгі модельдердің тиімділігін арттыру, процестерді стандарттау және үйлестіру, сондай-ақ қаржы нарықтарының инфрақұрылымдары арасындағы интеграциялық өзара іс-қимылды дамыту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Орталық депозитарий қатысқан автоматтандырылған посттрейдингке арналған панельдік пікірталас аясында цифрлық шешімдерді енгізу, роботтандыру және бұлтты технологиялар мәселелері талқыланды. Семинар барысында Орталық депозитарий өзінің AT-архитектурасының ерекшеліктері туралы ақпарат ұсынды.

2025 жылғы мамырда Прагада CEE&CIS Summit шеңберінде Орталық депозитарийдің Басқарма төрағасы Едил Медеу “Evolution of Post-Trading in Emerging Markets: Insights on the Caucasus and Central Asia” панельдік сессиясында спикер ретінде сөз сөйледі. Сессия барысында жергілікті капитал нарығындағы соңғы өзгерістерге шолулар ұсынылды, сондай-ақ дамушы нарықтардағы трейдингтен кейінгі инфрақұрылымды трансформациялаудың негізгі үрдістері талқыланды.

Кәсіби өзара іс-қимылды одан әрі нығайту Орталық депозитарийдің 2025 жылғы 26-29 мамыр аралығында Йокохамда өткен ACG 25-ші кросс-тренинг семинарына қатысуы шеңберінде жалғасты. Іс-шара барысында инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту үшін биржадан тыс платформаны дамытуды, сондай-ақ қаржылық деректердің едәуір көлемін өңдеуге және талдауға арналған Data Warehouse платформасын іске қосуды қоса алғанда, Орталық депозитарийдің ағымдағы бастамалары ұсынылды.

Есептік жылдың екінші жартысында Орталық депозитарийдің назары қазақстандық қаржы инфрақұрылымын ілгерілетуге бағытталды. Есептік жылдың 5 қарашасында Орталық депозитарийдің Басқарма төрағасы Лондондағы Kazakhstan Capital Markets Day 2025 іс-шарасында “Financial Market Infrastructure – the Foundation of Trust” сессиясы аясында сөз сөйледі. Өз сөзінде ол Қазақстанның депозитарлық-есептік инфрақұрылымының ағымдағы жай-күйін, Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының тартымдылығы мәселелерін, жаңғырту бойынша іске асырылып жатқан жобаларды, сондай-ақ Орталық депозитарийдің тұрақтылықты арттыру және халықаралық инфрақұрылымдармен өзара іс-қимылды кеңейту жөніндегі стратегиялық басымдықтарын атап өтті.

2025 жылғы қарашада Гонконгта Орталық депозитарий өкілдерінің Hong Kong Monetary Authority және CMU OmniClear Limited компанияларымен жұмыс кездесуі өтті. Тараптар қазақстандық инвесторлардың халықаралық қаржы құралдарына қауіпсіз және тиімді қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ жергілікті эмитенттердің Гонконг пен Шығыс Азия елдерінің капитал нарықтарына шығу мүмкіндіктерін талқылады.

Халықаралық өзара іс-қимылдың жылдық бағдарламасын аяқтай отырып, 2025 жылғы 2-3 желтоқсанда Орталық депозитарийдің Басқарма мүшесі Muscat Clearing & Depository Company S.A.O.C. ұйымдастырған ANNA жылдық жалпы жиналысына қатысты.

КССД ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

5



5.1. Депозитарлық қызмет

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитариймен депозитарлық қызмет көрсету шарттарын жасасқан заңды тұлғалардың саны 119-ды құрады

5.1.1. Депоненттер

“Бағалы қағаздар рыногы туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Орталық депозитарийдің клиенттері болып табылатын ұйымдар Орталық депозитарийдің депоненттері болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депоненттің жеке шоты заңды тұлғаның атына мынадай санаттардың бірімен ашылады:

- 1) кастодиан;
- 2) брокер;
- 3) дилер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиясыз дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;
- 4) ҚҰБ;
- 5) шетелдік депозитарий;
- 6) шетелдік кастодиан;
- 7) номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыруға құқығы (лицензиясы) бар шетелдік ұйым;
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор;
- 9) AIFC аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйым;
- 10) AIFC аумағында тіркелген және номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыруға құқығы (лицензиясы) бар ұйым;
- 11) клирингтік ұйым.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитариймен депозитарлық қызмет көрсету шарттарын жасасқан заңды тұлғалардың саны 119-ды құрады. Есептік жылы үш депонентпен депозитарлық қызмет көрсету шарттары бұзылды.

5.1.2. Жеке шоттар және қосалқы шоттар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесінде 119 жеке шот ашылды.

2024 жылы Орталық депозитарийдегі депоненттердің жеке шоттарында ашылған қосалқы шоттар саны өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда, 11 022-ге қысқарды және 698 691 қосалқы шотты құрады, оның 97-сі Орталық депозитарий депоненттерінің атына, ал 698 594-і депоненттер клиенттерінің атына, оның ішінде жеке тұлғалардың атына 693 905 қосалқы шот ашылды. Резиденттерге 689 516 қосалқы шот, бейрезиденттерге – 9 078 қосалқы шот ашылды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде клиенттік активтерді жиынтық есепке алу үшін 23 қосалқы шот ашылды, ол арқылы 4 363 083 брокерлік шотқа қызмет көрсетіледі, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 1 547 710 брокерлік шотқа артық.

5.1.3. Номиналды ұстау


Жалпы мәліметтер

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемі 195,80 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы ұқсас көрсеткіштен 16,78 трлн теңгеге (9,37 %) артық.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы мемлекеттік бағалы қағаздардың көлемі 29,37 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 15,00 % құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда, 19,79 %-ға артық.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың көлемі (акциялардың мемлекеттік пакеттерін есепке алмағанда) 48,34 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 24,69 % құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1,85 %-ға жоғары.

1-сур. 2021–2025 жылдардағы номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының құрылымы мен көлемі (трлн теңге)




Номиналды ұстауда мемлекеттік акциялар пакеттері де бар. Акциялардың мемлекеттік пакеттері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша “Мемлекеттік мүлік туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор болып айқындалған “Ақпараттық-есепке алу орталығы” АҚ депонентінің жеке шотында көрсетіледі. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің көлемі 118,09 трлн теңгені

немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 60,31 % құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен номиналды мәнде 10,32 %-ға артық. Бұл ретте номиналды ұстаудың жалпы көлеміндегі акциялардың мемлекеттік пакеттерінің үлесі өсті (1-сур.).

2025 жылы номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының орташа айлық көлемі 194,96 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас көрсеткіштен 43,57 млрд теңгеге немесе 28,78 %-ға артық (2-сур.).

2-сур. 2025 жылдың айлары бойынша номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының құрылымы мен көлемі (трлн теңге)




2025 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда, бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарына берілген халықаралық сәйкестендіргіштер атауларының неғұрлым елеулі ұлғаюы облигациялар бойынша, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы үлестер бойынша, сондай-ақ “Астана” Халықаралық қаржы орталығының құқығына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар бойынша 234 (1 701-ден 1 935-ке дейін), 201 (3 444-тен 3 645-ке дейін) және сәйкесінше 183 (306-дан 489-ға дейін) атаулар тіркелді. Атаулардың азаюы жай акцияларға, Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға, сондай-ақ артықшылықты акцияларға сәйкесінше 42 (3 135-тен 3 093-ке дейін), 12 (378-ден 366-ға дейін) және тоғыз атауға (678-ден 669-ға дейін) келеді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстауда 2 878 бағалы қағаздар шығарылымының бағалы қағаздары болды (3-сур.), оның ішінде:

- ⦿ резиденттердің жай акциялары – 348 шығарылым;
- ⦿ бейрезиденттердің жай акциялары – 486 шығарылым;
- ⦿ артықшылықты акциялар – 36 шығарылым;
- ⦿ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар – 492 шығарылым;

- ⦿ Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар – 90 шығарылым;
- ⦿ ҚҰБ қысқа мерзімді ноталары – бір шығарылым;
- ⦿ Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар – 247 шығарылым;
- ⦿ Қаржы министрлігінің еурооблигациялары – 14 шығарылым;
- ⦿ Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес облигациялар – 966 шығарылым;
- ⦿ резиденттердің инвестициялық пай қорларының пайлары – 45 шығарылым;
- ⦿ бейрезиденттердің инвестициялық пай қорларының пайлары – 145 шығарылым;
- ⦿ банктік депозиттік сертификаттар – сегіз шығарылым;
- ⦿ клирингтік қатысу сертификаттары – бір шығарылым;
- ⦿ ұжымдық инвестициялау құралдары – 12 шығарылым.

3-сур. Номиналды ұстаудағы эмиссиялар саны



2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде келесідей есептік ұйымдарда номиналды ұстау шоттары болды:

- ⦿ Clearstream Banking, A.G. Frankfurt;
- ⦿ Euroclear Bank S.A./N.V.;
- ⦿ “Центральный депозитарий” ЖАҚ (Қырғыз Республикасы);
- ⦿ “Национальный расчетный депозитарий” АҚ банктік емес кредиттік ұйымы;
- ⦿ “Республиканский центральный депозитарий ценных бумаг” республикалық унитарлық кәсіпорны (Беларусь Республикасы);
- ⦿ “Астана” Халықаралық Қаржы Орталығы Биржасының Орталық Депозитарийі” жеке компаниясы;
- ⦿ “Специализированный депозитарий “ИНФИНИТУМ” АҚ;
- ⦿ The Bank of New York Mellon.


Есепке алу ұйымдарында Орталық депозитарийдің атына ашылған номиналды ұстау шоттарында 2026 жылғы 1 қаңтарға 10,79 трлн теңге сомасына қаржы құралдары тіркелді, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1,50 трлн теңгеге немесе 12,24 %-ға төмен.

5.1.4. Мемлекеттік бағалы қағаздар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы МБҚ көлемі 29,37 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың есептік күніне қарағанда, 4,85 трлн теңгеге (19,79 %) артық.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 26,14 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 4,38 трлн теңгеге (20,13 %) артық. 2025 жылы МУИКАМ, МЕТИСК, МЕУКАМ бойынша көлемнің ұлғаюы тіркелді. МЕУКАМ қағаздары бойынша ең үлкен өсім байқалды, ол 75,38 % немесе 22,14 трлн теңгені құрады. МУИКАМ қағаздары бойынша өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 0,27 % немесе 0,08 трлн теңгені құрады. МЕУКАМ көлемі 29,98 %-ға немесе 5,11 трлн теңгеге өсті, бұл номиналды мәнде ең үлкен өсім болып табылады. Қаржы министрлігінің еурооблигацияларының көлемі 2025 жылы номиналды ұстауда 1,12 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 13,50 %-ға артық. Бұл ретте 2025 жылы ҚҰБ қысқа мерзімді ноталарының көлемі 0,51 трлн теңгеге (10,38 %) дейін ұлғайды (4-сур.).

4-сур. 2021–2025 жылдардағы номиналды ұстаудағы МБҚ құрылымы мен көлемі (трлн теңге)




5.1.5. Мемлекеттік емес бағалы қағаздар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы МEBҚ көлемі (акциялардың мемлекеттік пакеттерін есепке алмағанда) 48,34 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 0,88 трлн теңгеге артық (1,85 %).

2025 жылы резиденттердің облигациялары бойынша абсолютті мәндегі көлемнің ең үлкен ұлғаюы тіркелді. Олардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10,19 трлн теңгені құрады (номиналды ұстаудағы МEBҚ жалпы көлемінің 21,08 %), бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 1,02 трлн теңгеге артық.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған жай акциялардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 16,47 трлн теңгені (мемлекеттік акциялар пакеттерін есептемегенде номиналды ұстаудағы МEBҚ жалпы көлемінің 34,07 %) құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 0,76 трлн теңгеге (4,43 %) аз. Артықшылықты акциялар көлемінің өскенін де атап өткен жөн. Олар бойынша өсім 37,25 % құрады, ал көлем 0,9 трлн теңгеге немесе мемлекеттік акциялар пакетін есепке алмағанда, номиналды ұстаудағы МEBҚ жалпы көлемінің 1,87 %-на жетіп, 0,24 трлн теңгеге ұлғайды (5-сур.).

5-сур. 2021–2025 жылдардағы номиналды ұстаудағы МEBҚ құрылымы мен көлемі (трлн теңге)



- ИПҚ пайлары және басқа қаржы құралдары
- Облигациялар
- Шетелдік эмитенттердің акциялары
- ҚР эмитенттерінің артықшылықты акциялары
- ҚР эмитенттерінің жай акциялары

5.1.6. Акциялардың мемлекеттік пакеттері

Номиналды ұстаудағы акциялардың мемлекеттік пакеттері көлеміндегі негізгі үлесті жай акциялар құрады, олардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 118,09 трлн теңгені құрады, бұл номиналды ұстаудағы мемлекеттік акциялар пакеттерінің жалпы көлемінің 100 % құрайды және өткен жылғы ұқсас көрсеткіштің көлемінен 11,05 трлн

теңгеге (10,32 %) асып түсті. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің жиынтық көлеміндегі артықшылықты акциялар көлемі 17,71 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 1,11 млрд теңгеге артық (6,71 %).

5.1.7. Бағалы қағаздарды ұстаушылар


Резидент – депоненттерге тиесілі қаржы құралдарының көлемі 2026 жылғы

1 қаңтардағы жағдай бойынша 9,97 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 5,09 % құрады, бұл 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдайдан 0,57 трлн теңгеге (6,03 %) артық. Барлық депоненттерге тиесілі қаржы құралдарының көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 22,31 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 11,39 % құрады, бұл 2025 жылғы

1 қаңтардағы жағдайдан 7,82 трлн теңгеге (54,01 %) артық. Депонент – резиденттердің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарының көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 156,20 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 79,78 % құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 11,30 трлн теңгеге (7,80 %) артық.

Бейрезидент депоненттердің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарының көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 17,29 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 8,83 % құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,35 трлн теңгеге (11,96 %) аз (6-сур.).

6-сур. 2021–2025 жылдардағы бағалы қағаздарды ұстаушылардың (депоненттердің және олардың клиенттерінің) құрылымы (трлн теңге)




- Депоненттер-бейрезиденттер
- Депоненттер-резиденттер
- Депоненттер клиенттері - бейрезиденттер
- Депоненттер клиенттері - резиденттер

Экономика секторлары бөлінісінде қаржы құралдарының негізгі ұстаушылары өңірлік және жергілікті басқару органдары болып табылады, бұл қаржы құралдарының көлемі 4,74 трлн теңгеге (6,64 %-ға) ұлғайды және 76,11 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 38,87 % құрады. Депозиттік ұйымдарға тиесілі қаржы құралдарының көлемі 22,42 трлн теңгеге дейін ұлғайды және номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 11,45 % құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 11,51 трлн теңгеге (105,58 %) артық.

Бұл ретте мемлекеттік қаржылық емес ұйымдардың қаржы құралдарының үлесі 7,61 трлн теңгеге (20,80 %) ұлғайды және 44,22 трлн теңгені немесе номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің 22,59 % құрады. Атаулы ұстаудағы қаржы құралдарының үлесін ұлғайту бейрезиденттер бойынша – 4,90 трлн теңге (19,85 %), мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар бойынша – 7,61 трлн теңге (20,80 %), Орталық Банкке – 6,19 трлн теңге (959,69 %), үй шаруашылықтарына – 0,54 млрд теңге (19,31 %), сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарға – 0,11 млрд теңге (3,73 %) тіркелді (7-сур.).

7-сур. 2021–2025 жылдардағы бағалы қағаздарды ұстаушылардың (экономика секторлары бойынша) құрылымы




5.1.8. Тіркелген мәмілелер

Орталық депозитарий тіркеген мәмілелердің жалпы көлемі 2025 жылы 64,69 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 1,78 трлн теңгеге (2,83 %) артық.

2025 жылы Орталық депозитарий тіркеген мәмілелердің жалпы саны 589 629 құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 24 561 мәмілеге (4,35 %) жоғары.

2025 жылы тіркелген мәмілелер көлемінің ең үлкен көрсеткіші Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарын бастапқы орналастыру операцияларына келді, ол 19,04 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 1,53 трлн теңгеге (8,71 %) жоғары. Тіркелген мәмілелердің жалпы көлеміндегі қаржы құралдарын өтеу операцияларының үлесі 22,39 % құрады (8-сур.).

8-сур. 2021–2025 жылдарда тіркелген мәмілелердің құрылымы мен көлемі (трлн теңге)




2025 жылы қаржы құралдарын орналастыру кезінде номиналды ұстауға қаржы құралдарын енгізуді ескере отырып, тіркелген қаржы құралдарын орналастыру мәмілелерінің көлемі 19,04 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 1,53 трлн теңгеге (8,71 %) артық, оның ішінде:

- мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша мәмілелер көлемі - 12,93 трлн теңге, оның ішінде ҚҰБ қысқа мерзімді ноталарын орналастыру бойынша мәмілелер көлемі 50,22 % құрады;
- мемлекеттік емес бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі мәмілелердің көлемі – 4,98 трлн теңге;

- акциялардың мемлекеттік пакеттерін орналастыру жөніндегі мәмілелердің көлемі – 1,14 трлн теңге.

Орналастырудың жалпы көлемінде МБҚ орналастыру үлесі бір жыл бұрынғы 74,38 %-ға қарағанда, 67,87 % құрады. МEBҚ орналастыру үлесі орналастырудың жалпы көлемінің 26,17 % құрады (2024 жылы 22,15 %). Акциялардың мемлекеттік пакеттерін орналастыру үлесі орналастырудың жалпы көлемі өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда, 5,96 %-на дейін (3,47 %) ұлғайды (9-сур.).

9-сур. 2021–2025 жылдардағы қаржы құралдарын орналастыру бойынша тіркелген мәмілелердің құрылымы мен көлемі (трлн теңге)



Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудың жалпы көлемінде ең көп 53,63 % үлесті қысқа мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру көлемі (бір жылға дейін) иеленді. Бұл ретте қысқа мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру көлемі 1,17 трлн теңгеге (14,43 %) азайып, 6,93 трлн теңгені құрады, орта мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру көлемі 0,27 трлн теңгеге ұлғайды, ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру көлемі де 0,80 трлн теңгеге көтерілді.

МEBҚ орналастырудың жалпы көлемінде ең үлкен 98,31 % үлес – облигацияларға тиесілі; жай акцияларды орналастыру үлесі 0,70 % құрады. Бұл ретте облигацияларды орналастыру көлемі 1,05 трлн теңгеге (27,37 %) өсіп, 4,90 трлн теңгені құрады, жай акцияларды орналастыру көлемі 8,69 млрд теңгеге (33,50 %) ұлғайып, 34,63 млрд теңгені құрады.

2025 жылы тіркелген акциялардың мемлекеттік пакеттерін орналастыру мәмілелерінің көлемі 1,14 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 527,16 млрд теңгеге (86,69 %) артық. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінде жай акцияларды орналастыру үлесі 97,16 % құрады.


2025 жылы Орталық депозитарий тіркеген орналастыру мәмілелерінің саны 13 632 құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 6 120 мәмілеге (81,47 %) артық.

5.1.9. Бағалы қағаздардың қайталама нарығы

Жалпы мәліметтер

Ұйымдастырылмаған қайталама нарықта жасалған және Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарымен мәмілелер көлемі (сатып алу/сату мәмілелері, оның ішінде қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізу және қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару кезінде тіркелген сатып алу/сату мәмілелері) 2025 жылы 10,11 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 3,25 трлн теңгеге (47,33 %) артық (10-сур.).

10-сур. 2021–2025 жылдардағы ұйымдастырылмаған қайталама нарығында тіркелген мәмілелердің (операциялардың) көлемі мен саны



2025 жылы қайталама ұйымдастырылмаған нарықта тіркелген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер саны 2024 жылмен салыстырғанда, 1 673-ке өсіп, 12 706 мәмілені құрады (12-сур.). Қайталама нарықта тіркелген бір мәміленің орташа көлемі 1,17 трлн теңгені құрады және 2024 жылмен салыстырғанда, 6,39 млн теңгеге (0,55 %) ұлғайды (11-сур.).

11-сур. 2021–2025 жылдардағы бір тіркелген мәміленің орташа көлемі және ұйымдастырылмаған нарықта тіркелген операциялар саны




5.1.10. Мемлекеттік бағалы қағаздар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы МБҚ көлемі 29,37 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың есептік күніне қарағанда, 4,85 трлн теңгеге (19,79 %) артық.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 26,14 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 4,38 трлн теңгеге (20,13 %) артық. 2024 жылы МУИКАМ, МЕТИСКАМ, МЕУКАМ бойынша көлемнің ұлғаюы тіркелді. МЕУКАМ қағаздары бойынша ең жоғары өсім байқалды, ол 29,98 % немесе 5,11 трлн теңгені құрады. МУИКАМ қағаздары бойынша өсім былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда, 80,50 млрд теңгені құрады. МЕТИСКАМ-ның көлемі 29,00 млрд теңгеге өсті. Қаржы министрлігі еурооблигацияларының көлемі 2025 жылы номиналды ұстауда 0,13 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 13,50 %-ға артық. 2025 жылы ҚҰБ қысқа мерзімді ноталарының көлемі 0,51 трлн теңгеге (10,38 %) дейін ұлғайды (12-сур.).

12-сур. 2021–2025 жылдары ұйымдастырылмаған қайталама нарықта тіркелген МБҚ-мен мәмілелердің (операциялардың) көлемі мен саны



5.1.11. Мемлекеттік емес бағалы қағаздар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы МEBҚ көлемі (акциялардың мемлекеттік пакеттерін есепке алмағанда) 48,34 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 0,88 трлн теңгеге артық (1,85 %).

2025 жылы абсолютті мәндегі көлемнің ең көп ұлғаюы резиденттердің жай акциялары бойынша тіркелді, олардың қатарына мемлекеттік акциялар пакеттері кірмейді. Олардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18,40 трлн теңгені құрады (мемлекеттік акциялар пакеттерін есептегенде, номиналды ұстаудағы МEBҚ жалпы көлемінің 38,07 %), бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 0,74 трлн теңгеге аз.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10,19 трлн теңгені құрады (мемлекеттік акциялар пакеттерін есептегенде, номиналды ұстауда МEBҚ жалпы көлемінің 21,08 %), бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 1,02 трлн теңгеге артық (11,15 %). Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған жай акциялар көлемінің азайғанын атап өткен жөн. Олар бойынша өсім 4,43 % құрады, ал көлемі 16,47 трлн теңгені немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін есептегенде, 0,76 трлн теңгеге төмендеп, номиналды ұстаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың жалпы көлемінің 34,07 % құрайды (13-сур.).

13-сур. 2021–2025 жылдары ұйымдастырылмаған қайталама нарықта тіркелген МEBҚ-мен мәмілелердің (операциялардың) көлемі мен саны




5.1.12. Акциялардың мемлекеттік пакеттері

Номиналды ұстаудағы акциялардың мемлекеттік пакеттері көлеміндегі негізгі үлесті жай акциялар құрады, олардың көлемі 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 118,08 трлн теңгені құрады, бұл номиналды ұстаудағы мемлекеттік акциялар пакеттерінің жалпы көлемінің 100 % құрайды және өткен жылғы ұқсас көрсеткіштің көлемінен 11,05 трлн теңгеге (10,32 %) асып түсті.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша номиналды ұстаудағы мемлекеттік акциялар пакеттерінің жиынтық көлеміндегі артықшылықты акциялар көлемі 17,71 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен 1,11 млрд теңгеге артық (6,71 %).

14-сур. 2021–2025 жылдары ұйымдастырылмаған қайталама нарықта тіркелген АМП-мен мәмілелердің (операциялардың) көлемі мен саны



5.1.13. Қаржы құралдары бойынша құқықтар кепілі және қаржы құралдарының ауыртпалығы

2024 жылмен салыстырғанда қаржы құралдары бойынша құқықтар кепілі операцияларының және қаржы құралдары ауыртпалығының көлемі 78,69 млрд теңгеге ұлғайып, 150,22 млрд теңгені құрады.


2025 жылы мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша құқықтар мен ауыртпалықтар кепілі (туындауы, тоқтатылуы және орындалмауы) операцияларының көлемі 150,22 млрд теңгені құрады.

5.1.14. Қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізу

Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізу операцияларының жалпы көлемі 2025 жылы 7,44 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 3,01 трлн теңгеге (67,84 %) артық.

2025 жылы Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізу операцияларының жалпы саны 7 191 құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 1 028 (16,68 %) операцияға көп (15-сур.).


15-сур. 2021–2025 жылдарға арналған қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізу операцияларының көлемі



Облигацияларды номиналды ұстауға енгізу операцияларының көлемі 2025 жылы 6,76 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 3,42 трлн теңгеге жоғары және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды номиналды ұстауға енгізу операцияларының жалпы көлемінің 96,04 % құрайды.

Жай акцияларды номиналды ұстауға енгізу операцияларының көлемі 2025 жылы 117,02 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 319,97 млрд теңгеге аз және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды номиналды ұстауға енгізу операцияларының жалпы көлемінің 1,66 % құрайды (16-сур.).

16-сур. 2021–2025 жылдардағы МEBҚ номиналды ұстауға енгізу операцияларының құрылымы мен көлемі




5.1.15. Қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару

Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару операцияларының жалпы көлемі 2025 жылы 3,80 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 2,89 трлн теңгеге (316,88 %) артық.

2025 жылы Орталық депозитарий тіркеген қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару операцияларының саны 4 586 құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 747 (14,01 %) операцияларға аз (17-сур.).




17-сур. 2021–2025 жылдардағы қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару операцияларының көлемі



Мемлекеттік бағалы қағаздарды номиналды ұстаудан шығару операцияларының көлемі 2025 жылы 83,88 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 21,28 млрд теңгеге артық және қаржы құралдарын номиналды ұстаудан шығару операцияларының жалпы көлемінің 2,21 % құрайды. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды номиналды ұстаудан шығару операцияларының көлемі 2025 жылы 3,71 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 2,86 трлн теңгеге (337,77 %) артық (18-сур.).

18-сур. 2021–2025 жылдардағы МЕМБҚ номиналды ұстаудан шығару операцияларының құрылымы мен көлемі



5.2. Төлем агентінің функциялары

Орталық депозитарий қаржы құралдарын өтеу және/немесе олар бойынша кірісті төлеу кезінде эмитенттердің өз міндеттемелерін жүзеге асыруына тартылған бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының бірі болып табылады


2025 жылы Орталық депозитарий арқылы өтеуге арналған дивидендтерді, сыйақыларды және ақшалай төлемдерді есептеу шеңберінде мынадай төлемдер жүргізілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған МБҚ (мемлекеттік қазынашылық

міндеттемелер, муниципалдық облигациялар және ҚҰБ ноталары) бойынша:


- облигациялар бойынша сыйақыны жалпы сомасы 2,25 трлн теңгеге бөлу;
- облигациялар бойынша номиналды құнын жалпы сомасы 9,12 трлн теңгеге бөлу (19-сур.).

19-сур. 2021–2025 жылдардағы МБҚ бойынша төлемдер көлемі (трлн теңге)




МЕБҚ бойынша – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары бойынша төлем агентінің қызметтерін көрсету (20-сур.).

20-сур. 2021–2025 жылдардағы МЕБҚ бойынша төлемдер көлемі (млрд теңге)




акциялар бойынша дивидендтерді жалпы сомасы 101,75 млрд теңгеге, 19,32 мың АҚШ долларына бөлу (21-сур.).

21-сур. 2021–2025 жылдардағы МЕБҚ бойынша дивидендтерді төлеу көлемдері (млрд теңге)




облигациялар бойынша сыйақыны жалпы сомасы 150,23 млрд теңге, 28,83 млн. АҚШ долларына бөлу (22-сур.).

22-сур. 2021–2025 жылдардағы МЕБҚ бойынша сыйақы төлемдерінің көлемі (млрд теңге)



облигациялар бойынша номиналды құнын жалпы сомасы 1,21 трлн теңгеге, 36,12 млн АҚШ долларына, 2,0 млрд ресейлік рубльге; 70,0 млн қытай юанына бөлу (23-сур.).


23-сур. 2021–2025 жылдардағы МЕБҚ бойынша номиналды құн төлемдерінің көлемі (млрд теңге)



Эмитенттер Қазақстан Республикасынан басқа, өзге де мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары бойынша кірістер төлеуді жүзеге асырған кезде:


- 100,44 млрд теңге, 227,30 млн АҚШ доллары, 7,25 млн еуро, 335,69 млн ресейлік рубль, 79,37 мың фунт стерлинг; 53,90 мың швейцариялық франк сомасына сыйақылар бөлінді (24-сур.).
- дивидендтерді 27,68 миллион АҚШ доллары, 1,16 миллион еуро, 3,02 миллиард ресейлік рубльге бөлу; 159,97 мың фунт стерлинг; 601,71 австралиялық доллар; 262,26 мың гонконгтық доллар (25-сур.).

24-сур. 2021–2025 жылдардағы ХБҚ бойынша сыйақы төлеу көлемі (млрд теңге)




өтеу кезінде номиналды құнын 132,32 млрд теңге, 5,99 млрд АҚШ доллары, 36,71 млн еуро сомасына бөлу (26-сур.).

25-сур. 2021–2025 жылдардағы ХБҚ бойынша дивиденд төлемдерінің көлемі (млрд теңге)



26-сур. 2021–2025 жылдардағы ХБҚ бойынша номиналды құн төлемдерінің көлемі (млрд теңге)



5.3. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздар эмитенттерімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша 1 188 шарт жасалды

5.3.1. Эмитенттер мен шаруашылық серіктестер

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздар эмитенттерімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша 1 188 шарт жасалды.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың 2 252 тізіліміне қызмет көрсетіледі, оның ішінде:


- акцияларды ұстаушылардың тізілімі – 1 200;
- ИПҚ ұстаушылардың тізілімі – 64;

облигацияларды ұстаушылардың тізілімі – 988.

2025 жылы қызмет көрсетуге 409 бағалы қағаздардың атаулары қабылданды, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 154-ке артық.

2025 жылы 111 бағалы қағаздарды өтеу операциясы тіркелді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 20 операцияға және 61 бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою операциясына өсті, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, бес операцияға көп (27-сур.).

27-сур. 2020–2025 жылдардағы қызмет көрсетуге қабылданған, күші жойылған және өтелген бағалы қағаздар туралы мәліметтер



Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге, командиттік және толық серіктестіктерге қатысушылардың 889 тізіліміне қызмет көрсетіледі.

2025 жылы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың 55 тізіліміне қызмет көрсетуге қабылданды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың 56 тізіліміне қызмет көрсетуден алынды.

5.3.2. Тізілімдер жүйесіндегі жеке шоттар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тізілім жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарының саны өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 17 509-ға азайып, 1 226 129 құрады. Сонымен қатар 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тізілім жүйесіндегі серіктестіктерге қатысушылардың жеке шоттарының саны өткен жылмен салыстырғанда, 1 408-ға азайып 370 738-ді құрады.

5.3.3. Бағалы қағаздармен операциялар

2025 жылы қазақстандық мемлекеттік емес бағалы қағаздармен операциялар саны азайып, 5 593-ті құрады. Есепті кезеңде бағалы қағаздармен операциялар көлемі азайып, 22 978 млрд теңгені құрады. 2024 жылмен салыстырғанда, операциялар саны 1 117-ге азайды, ал операциялар көлемі 14 900 млрд теңгеге азайды.

28-сур. 2025 жылға арналған бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың тізілім жүйесінде тіркелген құрылымы мен саны



- Бағалы қағаздарды сатып алу/сату
- бастапқы орналастыру
- Инвестициялық пай қорларының пайларын орналастыру және сатып алу
- Заңды тұлғалардың мұрагерлігі, құқықтық мирасқорлығы, сыйға тарту
- Жаһандық операциялар
- Өзге мәмілелер және басқа да операциялар

5.3.4. Серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы үлестермен операциялар

2025 жылы шаруашылық серіктестіктердің үлестерімен жасалған операциялар саны азайып, 5 576 құрады. Есептік кезеңде шаруашылық серіктестіктердің үлесімен жасалған операциялар көлемі ұлғайып, 134,28 млрд теңгені құрады. Операциялар саны 2024 жылмен салыстырғанда, 967-ге артты, ал операциялар көлемі 55,7 млрд теңгеге кеміді.

5.3.5. Ақпараттық операциялар

2025 жылы Орталық депозитарий 46 258 ақпараттық операцияларды орындады, оның ішінде:

- 8 055 – жеке шоттардан үзінді көшірмелер және жеке шоттармен мәмілелер тарихы;
- 22 757 – бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері, акционерлердің тізімі, бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы анықтама және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің тарихы;
- 15 446 – қатысушылардың тізілімдері, серіктестіктерге қатысушылар туралы анықтамалар және серіктестіктер үлестерімен мәмілелер тарихы..

5.3.6. Тізілімдер жүйесінен ақпарат алуға арналған құжаттар

2025 жылы Орталық депозитарийге мемлекеттік органдардан және тізілімдер жүйесінен ақпарат алуға құқығы бар өзге де тұлғалардан 8 898 сұрату түсті, оның 2 769-ы мемлекеттік органдардан, 3 058-і конкурстық және банкроттықты басқарушылардан, 820-сы жеке сот орындаушыларынан, 1 384-і нотариустардан, 50-і адвокаттардан, 318-і ҚҰБ-дан және 497 соттардан түскен сұрату болды.



5.4. Банк операцияларын жүзеге асыру

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 163 ағымдағы шот ашылды, оның ішінде: депоненттердің өз ақшаларын есепке алуға арналған 82 ағымдағы шот және депонент клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған 81 ағымдағы шот, сондай-ақ 58 корреспонденттік шот, оның ішінде: депоненттердің меншікті ақшаларын есепке алуға арналған 30 корреспонденттік шот және депонент клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған 28 корреспонденттік шот бар.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 163 ағымдағы шот ашылды, оның ішінде: депоненттердің өз ақшаларын есепке алуға арналған 82 ағымдағы шот және депонент клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған 81 ағымдағы шот, сондай-ақ 58 корреспонденттік шот, оның ішінде: депоненттердің меншікті ақшаларын есепке алуға арналған 30 корреспонденттік шот және депонент клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған 28 корреспонденттік шот бар. 14 ағымдағы шот бойынша шығыс операциялары тоқтатылды: депоненттердің өз ақшаларын есепке алуға арналған жеті ағымдағы шот және депоненттердің клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған жеті ағымдағы шот, сондай-ақ бес корреспонденттік шот бойынша: депоненттердің өз ақшаларын есепке алуға арналған екі корреспонденттік шот және депоненттердің клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған үш корреспонденттік шот бар.

2025 жылы 48 ағымдағы шот ашылды, оның ішінде: депоненттердің меншікті ақшаларын есепке алуға арналған 24 ағымдағы шот және депонент клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған 24 ағымдағы шот бар. Сонымен қатар есепті жылы бес корреспонденттік шот ашылды, оның ішінде: депоненттердің меншікті ақшаларын есепке алуға арналған үш корреспонденттік шот және депонент клиенттерінің ақшаларын есепке алуға арналған бір корреспонденттік шот бар.

2025 жылы төрт ағымдағы шот жабылды, соның ішінде: депоненттің меншікті ақшасын есепке алуға арналған бір ағымдағы шот және депонент клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған үш ағымдағы шот бар. Сондай-ақ екі корреспонденттік шот жабылды, оның ішінде: депоненттің меншікті ақшасын есепке алуға арналған бір корреспонденттік шот және депонент клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған бір корреспонденттік шот бар.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша депоненттердің ұлттық валютадағы банктік шоттарындағы қалдықтар 32,49 млрд теңгені құрады, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарындағы 0,58 млрд теңге және депонент клиенттерінің шоттарындағы 31,91 млрд теңге.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша депоненттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы қалдықтар:

- ⦿ АҚШ долларында: 200,95 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 9,12 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 191,83 млн;
- ⦿ ресейлік рубльде: 3,74 млрд, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 0,20 млрд және депонент клиенттерінің шоттарында 3,54 млрд;
- ⦿ еуроға: 24,46 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 0,61 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 23,85 млн;
- ⦿ қытай юанында: 71,72 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 70,57 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 1,14 млн;
- ⦿ Біріккен Корольдіктің фунт стерлингінде: 2,64 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 0,11 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 2,53 мың;
- ⦿ швейцарлық франктерде: депонент клиенттерінің шоттарында 53,93 мың;
- ⦿ австралиялық долларда: депонент клиенттерінің шоттарында 34,83 мың;
- ⦿ гонконгтық долларда: депонент клиенттерінің шоттарында 91,09 мың;

- ⦿ канадалық доллармен: 4,90 мың, оның ішінде 3,00 мыңы депоненттердің меншікті шоттарында және 1,90 мыңы депонент клиенттерінің шоттарында;
- ⦿ жаңа израильдік шекельдерде: депонент клиенттерінің шоттарында 10,83.

2025 жылы депоненттердің ұлттық валютадағы банктік шоттарындағы орташа жылдық қалдықтар 23,11 млрд теңгені құрады, оның ішінде: депоненттердің меншікті шоттарында 0,37 млрд теңге және депонент клиенттерінің шоттарында 22,74 млрд теңге.

Шетел валютасында 2025 жылы банктік шоттардағы орташа жылдық қалдықтар мынаны құрайды:

- ⦿ АҚШ долларында: 302,37 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 25,27 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 277,10 млн;
- ⦿ ресей рублінде: 3,77 млрд, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 1,16 млрд және депонент клиенттерінің шоттарында 2,61 млрд;
- ⦿ еуроға: 26,54 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 0,83 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 25,71 млн;
- ⦿ қытай юанында: 59,48 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 53,01 млн және депонент клиенттерінің шоттарында 6,47 млн;
- ⦿ Біріккен Корольдіктің фунт стерлингінде: 2,40 млн, оның ішінде депоненттердің меншікті шоттарында 0,94 мың және депонент клиенттерінің шоттарында 1,46 млн;
- ⦿ швейцариялық франктерде: депонент клиенттерінің шоттарында 52,27 мың;
- ⦿ австралиялық доллармен: депонент клиенттерінің шоттарында 34,56 мың;
- ⦿ гонконгтық долларда: депонент клиенттерінің шоттарында 148,39 мың;
- ⦿ канадалық доллармен: 6,90 мың, оның ішінде 2,75 мыңы депоненттердің меншікті шоттарында және 4,15 мыңы депонент клиенттерінің шоттарында;
- ⦿ жаңа израильдік шекельдерде: депоненттер клиенттерінің шоттарында 10,83.

2025 жылы Орталық депозитарий жалпы сомасы 227,84 трлн теңгеге 435 280 ақша аударымын жүргізді, оның ішінде:

- ⦿ Орталық депозитарийдегі клиенттердің банктік шоттары бойынша ұлттық валютада жалпы сомасы 185,47 трлн теңгеге 364 474 ақша аударымы;

- ⦿ Орталық депозитарийде ашылған банк шоттары бойынша жалпы сомасы 42,37 трлн теңгеге шетел валютасындағы 70 806 ақша аударымы.

2025 жылы ұлттық валютадағы ақша аударымдарының жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда, 0,20 трлн теңгеге (0,11 %), шетел валютасында 17,03 трлн теңгеге (67,20 %) ұлғайды.

2025 жылы Орталық депозитарий бастапқы және қайталама нарықтарда жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу жөніндегі операцияларды ұлттық валютада жасау кезінде жалпы сомасы 25,70 трлн теңгеге 16 691 ақша аударымын жүргізді, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 4,13 трлн теңгеге (-13,84 %) аз. Есептік жылы Орталық депозитарий шетел валюталарында 15 295 ақша аударымын жүзеге асырды, оның ішінде: жалпы сомасы 35,27 млрд АҚШ долларына 14 792 ақша аударымы, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 17,47 млрд АҚШ долларына артық (98,09 %); жалпы сомасы 0,38 миллиард еуроға 394 ақша аударымы жүргізілді, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 0,32 миллиард еуроға (-46,31 %) аз; Біріккен Корольдіктің жалпы сомасы 37,56 миллион фунт стерлингке 101 ақша аударымы, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен Біріккен Корольдіктің 28,87 миллион фунт стерлингке (4,32 есе) артық; жалпы сомасы 11,20 миллион швейцариялық франкке төрт ақша аударымы, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 10,59 миллион швейцариялық франкке (18,33 есе) артты; жалпы сомасы 1,02 миллион гонконг долларына екі ақша аударымы, жалпы сомасы 3,16 мың канадалық долларға екі ақша аударымы, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 8,07 мың канадалық долларға аз (-71,83 %) азайды. 2025 жылы, 2024 жылдан айырмашылығы, австралиялық доллармен тиісті ақша аударымдары жүргізілген жоқ.

2025 жылы Орталық депозитарий қаржы құралдары бойынша сыйақы төлеу жөніндегі операцияларды жасау кезінде ұлттық валютада жалпы сомасы 2 508,86 млрд теңгеге 35 760 ақша аударымын жүзеге асырды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 426,85 млрд теңгеге (20,50 %) артық. Есептік жылы Орталық депозитарий шетел валюталарында 3 555 ақша аударымын жүргізді, оның ішінде: жалпы сомасы 229,67 млн АҚШ долларына 3 291 ақша аударымы, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 32,88 млн АҚШ долларына (16,71 %) артық; жалпы сомасы 7,56 миллион еуроға 245 ақша аударымы, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 3,08 миллион еуроға (68,88 %) артық; жалпы сомасы 0,37 миллиард ресей рубліне 15 ақша аударымы, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 0,36 миллиард ресей рубліне (-48,96 %) аз; Біріккен Корольдіктің жалпы сомасы 0,08 миллион фунт стерлингке үш ақша аударымы, бұл Біріккен Корольдіктің 0,67 миллион фунт стерлингке (-89,47 %) 2024 жылмен салыстырғанда азайды; 53,90 мың швейцариялық франкке бір ақша аударымы жүргізілді. 2025 жылы, 2024 жылдан айырмашылығы,

австралиялық доллармен, БАӘ дирхамдарымен және украин гривендерімен тиісті ақша аударымдары жүргізілген жоқ.

2025 жылы Орталық депозитарий қаржы құралдары бойынша дивидендтер төлеу жөніндегі операцияларды жасау кезінде ұлттық валютада жалпы сомасы 102,45 млрд теңгеге 133 624 ақша аударымын жүргізді, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 79,15 млрд теңгеге (4,40 есе) артық. Есептік жылы Орталық депозитарий шетел валюталарында 29 279 ақша аударымын жүзеге асырды, оның ішінде: жалпы сомасы 27,72 млн АҚШ долларына 28 953 ақша аударымы жүргізілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 5,81 млн АҚШ долларына (26,52 %) артық; жалпы сомасы 1,27 млн еуроға 298 ақша аударымы, бұл жалпы сомасы 1,27 млн 2024 жылмен салыстырғанда, 1,17 миллион еуро (12,45 есе) көп; Біріккен Корольдіктің жалпы сомасы 159,98 мың фунт стерлингке 10 ақша аударымы, бұл Біріккен Корольдіктің 2024 жылмен салыстырғанда, 159,40 мың фунт стерлингке (277,00 есе) өсті; жалпы сомасы 3 028,59 миллион ресей рубліне сегіз ақша аударымы жүргізілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 3 028,26 миллион ресей рубліне (9 150,26 есе) артық; жалпы сомасы 0,26 миллион гонконг долларына сегіз ақша аударымы жүргізілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 0,01 миллион гонконг долларына (4,72 %) артық; жалпы сомасы 0,60 мың австралиялық долларға екі аударым, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 0,10 мың австралиялық долларға (-13,94 %) азайды. 2025 жылы 2024 жылдан айырмашылығы, канадалық доллармен және жаңа израильдік шекельдермен тиісті ақша аударымдары жүргізілген жоқ.

2025 жылы Орталық депозитарий қаржы құралдарын өтеу жөніндегі операцияларды жасау кезінде ұлттық валютада жалпы сомасы 10,48 трлн теңгеге 3 724 ақша аударымын жүзеге асырды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 0,91 трлн теңгеге (-8,00 %) азайды. 2025 жылы Орталық депозитарий шетел валюталарында 856 аударым жасады, оның ішінде: жалпы сомасы 6,00 млрд АҚШ долларына 815 аударым, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 2,04 млрд АҚШ долларына (51,50 %) артық; жалпы сомасы 39,16 млн еуроға 41 ақша аударымы, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 15,85 млн еуроға (-28,81 %) аз. 2025 жылы, 2024 жылдан айырмашылығы, Біріккен Корольдіктің фунт стерлингін, австралиялық долларына және БАӘ дирхамдарына тиісті ақша аударымдары жүргізілген жоқ.

2019 жылғы 1 шілдеден бастап “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Орталық депозитарий эмитенттен немесе 95 пайыздық акционерден кірісті (мысалы, облигациялар бойынша дивидендтер немесе сыйақылар) және/немесе құралдардың оларды өтеу кезіндегі номиналды құны (оның ішінде Орталық депозитарийдің төлем агентінің қызметтерін көрсетуі шеңберінде), 95-пайыздық

акционер сатып алатын (сатып алған) дауыс беретін акцияларға, таратылатын акционерлік қоғамның оның акционерлері арасында бөлінген мүлкінің бір бөлігіне ақы төлеу ретінде алынған талап етілмеген ақшаны сақтау бойынша қызметтер көрсетеді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін шоттағы қалдықтар 2,07 млрд теңге және 56,76 млн АҚШ долларын құрады.

2025 жылы Орталық депозитарийге сақтауға қабылданған талап етілмеген ақшаның жалпы көлемі:

- ⦿ эмитенттерден – 4,11 млрд теңге және 20,63 млн АҚШ доллар;
- ⦿ 95-пайыздық акционерлерден – 86,63 млн теңге;
- ⦿ төлем агенті қызметін көрсету шеңберінде – 6,83 млрд теңге және 66 802,80 АҚШ доллар құрады.

2025 жылы Орталық депозитарий сәйкестендірілген бенефициарларға жалпы сомасы 5,50 млрд теңгеге 2 766 талап етілмеген ақша аударымын, сондай-ақ жалпы сомасы 1,03 млн АҚШ долларына 130 аударымды жүзеге асырды.

Бұдан өзге, Орталық депозитарий жалпы сомасы 77,05 млн теңгеге 2025 жылы талап етілмеген ақшаны инвестициялаудан түскен кіріс сомасын төлеу бойынша 4 674 аударымды, 2024 жылы инвестициялық кірістің сәйкестендірілген бенефициарларынан ұсталған жеке табыс салығының 1,37 млн теңге сомасына бір аударым, 2025 жылы инвестициялық кірістің сәйкестендірілген бенефициарларынан ұсталған жеке табыс салығының жалпы сомасы 7,51 млн теңгеге алты аударым және 2025 жылы инвестициялық кірістің сәйкестендірілген бенефициарларынан ұсталған корпоративтік табыс салығының 0,37 млн теңгеге бір аударым жүзеге асырды.

2025 жылы Орталық депозитарий жалпы сомасы 7,50 млрд теңгеге активтерді сенімгерлік басқару шарты негізінде ҚҰБ сенімгерлік басқаруға үш ақша аударымын жүзеге асырды.

Анықтама үшін: Орталық депозитарий жүзеге асырған ақша аударымдары санының үлесі ҚҰБ-ның “ҰТК” АҚ ААБЖ-да жүргізілген ақша аударымдарының жалпы санынан 0,47 %, ал Орталық депозитарий жүргізген ақша аударымдары көлемінің үлесі ҚҰБ “ҰТК” АҚ ААБЖ-да жүргізілген ақша аударымдарының жалпы көлемінің 11,99 % құрайды.

5.5. ИПҚ-мен мәмілелер тізілімін жүргізу

2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында “Ақпарат беруші тұлға” жеке кабинеті арқылы 11 396 электрондық хабарлама қабылданды, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 749 хабарламаға артық

2014 жылғы 8 шілдеде Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға кірісті.

Қызметтің бұл түрі екінші деңгейдегі банктер; брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар; инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі – ақпарат беруші тұлғалар) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған

нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынған ақпаратты қабылдаудан, енгізуден және сақтаудан тұрады.

2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында “Ақпарат беруші тұлға” жеке кабинеті арқылы 11 396 электрондық хабарлама қабылданды, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 749 хабарламаға артық, оның ішінде:

- ⦿ 412 (2024 жылмен салыстырғанда, 186-ға көп) ақпарат беруші тұлғалар жіберген қателіктер себебінен қабылданбады;
- ⦿ 10 984 (2024 жылмен салыстырғанда, 563-ке көп) өңделді.



5.6. Сәйкестендіргіштерді беру

2025 жылғы 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығында Орталық депозитарий 828 ISIN кодын берді, бұл 2024 жылғы осындай көрсеткіштен 284 кодқа көп, сонымен бірге 828 CFI коды мен 828 FISN кодын берді; 270 ISIN кодының күшін жойды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 65 кодқа көп

2010 жылғы 1 қарашада Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының ұлттық нөмірлеуші агенттігі бола отырып, 2009 жылғы 6 қарашадағы № 5 ANNA-мен әріптестік келісім негізінде бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға кірісті.

ANNA-ның 2011 жылғы 9 желтоқсанда болған кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Орталық депозитарий ANNA-ның толық құқылы мүшесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін алмастырушы нөмірлеу агенттігінің функцияларын Германиядағы WM Datenservice орындайды.

2025 жылғы 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығында Орталық депозитарий 828 ISIN кодын берді, бұл 2024 жылғы осындай көрсеткіштен 284 кодқа көп, сонымен бірге 828 CFI коды мен 828 FISN кодын берді; 270 ISIN кодының күшін жойды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 65 кодқа көп.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарына берілген қолданыстағы ISIN кодтарының жалпы саны 4 545 құрады, бұл 2025 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткішпен салыстырғанда, 550-ға артық.

2014 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес Орталық депозитарий айналыс мерзімі өткен және өтеу жөніндегі міндеттемелерді эмитент орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері (бұдан әрі – талап ету құқығы) бойынша талап ету құқықтарына (IDR коды) сәйкестендіргіштерді беруге кірісті.

2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында Орталық депозитарий талап ету құқықтарына бірде-бір сәйкестендіру кодын бермеді немесе олардың күшін жоймады.



5.7. ЖИ, R&D нәтижелері бойынша DLT-технологияларын енгізу

2025 жылы Орталық депозитарий қызметтің екі түріне қатысты реттеудің ерекше режиміне қатысушы болып айқындалды:

- ▷ ЦҚА ұстаушылар тізілімін жүргізу;
- ▷ цифрлық активтерді кастодиандық сақтау.

2025 жылы Орталық депозитарий жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын пайдалана отырып, жұмыс бизнес – процестерін оңтайландыру мақсатында ЖИ енгізу мүмкіндіктеріне талдау жүргізді, нәтижесінде ЖИ енгізу үшін бір бизнес-процесс таңдалды және тиісті жұмыс жоспары бекітілді.

Осы жоспар 2026 жылы ЖИ енгізу жөніндегі жұмыстарды аяқтауды көздейді және Орталық депозитарийдің басқа бизнес-процестерінде ЖИ пайдалануды кеңейту үшін негіз болады.

2025 жылы Орталық депозитарий ҚҰБ Басқармасының 2025 жылғы 21 қазандағы № 69 қаулысына сәйкес реттеудің ерекше режиміне қатысушы болып айқындалды. Бұл режим қызметтің екі түріне қатысты белгіленген:

- ▷ ЦҚА ұстаушылар тізілімін жүргізу;
- ▷ цифрлық активтерді кастодиандық сақтау.

Осы режим шеңберінде ҚҰБ есепті жылдың қараша айында шектеулі периметрде және белгіленген мерзімге ҚҰБ бақылауымен цифрлық активтері бар шешімдерді пилоттық тестілеу үшін қызметтің екі түрі бойынша жол карталарын мақұлдады.

Цифрлық активтерді (криптокастодиді) сақтауды оңтайлы ұйымдастыру үшін Орталық депозитарий цифрлық активтерді сақтау үшін қызметтер мен инфрақұрылымды ұсынатын халықаралық провайдерлерге негізгі критерийлер (лицензиялардың болуы, қолдау көрсетілетін цифрлық активтер, қорғалу, тарифтер және сақтандыру өтемі) бойынша кешенді талдау жүргізді.

Цифрлық активтерді (криптокастодиді) сақтауды ұйымдастыруды техникалық-сервистік қолдау және BitGo Inc технологиялық инфрақұрылымына қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі BitGo Inc компаниясымен іскерлік қарым-қатынас орнату және BitGo Inc компаниясында Орталық депозитарий үшін цифрлық активтерді кастодиандық сақтау шоттарын ашу туралы шешім қабылдады, бұл тиісті қызметтерді көрсету және кейіннен цифрлық активтер бойынша операцияларды жүргізу үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз етеді.



ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

6



2025 жылы алынған Орталық депозитарий кірістерінің жалпы сомасы 12 370,85 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылы алынған Орталық депозитарий кірістерінің жалпы сомасынан 2 376,94 млн теңгеге (+23,78 %) артық

6.1. Кірістер

Орталық депозитарийдің 2025 жылғы негізгі кіріс көзі депозитарлық қызметті жүзеге асырудан түскен кірістер болып табылады. Аталған кірістер 2025 жылы 8 117,57 млн теңгені құрады және 2024 жылмен салыстырғанда 724,42 млн теңгеге өсті (+9,8 %). Депозитарлық қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістердің ұлғаюы Орталық депозитарийді номиналды ұстаудағы қаржы құралдарының үлкен көлемімен және депоненттер санының ұлғаюымен түсіндіріледі. 2025 жылы Орталық депозитарий кірісінің жалпы сомасындағы осы кірістердің үлес салмағы төмендеп, 65,62 % құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 8,36 %-ға төмен. Бұл ретте Орталық депозитарийдің кірістер құрылымындағы елеулі үлесті клиенттердің ағымдағы шоттарында орналастырылған ақшаға сыйақыдан түсетін кірістер, меншікті активтерді инвестициялаудан түсетін кірістер, сондай-ақ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтен түсетін кірістер қалыптастырады.

2025 жылы бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан 557,17 млн теңге мөлшерінде кірістер алынды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 77,27 млн теңгеге (16,10 %) артық. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістердің ұлғаюы Орталық депозитарийде қызмет көрсетілетін эмитенттер санының және көрсетілген ақпараттық қызметтер көлемінің өсуімен байланысты. Орталық депозитарий кірісінің жалпы сомасындағы осы кірістердің үлес салмағы 2025 жылы 4,5 %, 2024 жылы – 4,8 % құрады.

Орталық депозитарийдің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырудан түскен кірістері 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда, 2,86 млн теңгеге (+21,77 %) ұлғайды және 15,98 млн теңгені құрады (2024 жылы – 13,12 млн теңге). Кірістердің өсуі негізінен аталған қызмет шеңберінде жүзеге асырылатын аударымдар санының ұлғаюымен түсіндіріледі. Орталық депозитарий кірістерінің жалпы сомасындағы көрсетілген кірістердің үлес салмағы 2024 жылғы деңгейде қалды және 0,13 % құрады.

Орталық депозитарийдің талап етілмеген ақшаны есепке алуға және инвестициялауға байланысты қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістері 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда, 80,40 млн теңгеге (+35,10 %) ұлғайды, бұл 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша талап етілмеген ақша активтерінің нақты көлеміне байланысты орын алды. Осы кірістердің үлес салмағы 2025 жылы Орталық депозитарий кірісінің жалпы сомасында 2,50 %, 2024 жылы – 2,29 % құрады.

Орталық депозитарийдің төлем агентінің қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түскен кірістері 2024 жылмен салыстырғанда ұлғайып, 2025 жылы 5,77 млн теңгені (+10,01 %), 2024 жылы – 5,24 млн теңгені құрады. Орталық депозитарий кірістерінің жалпы сомасындағы көрсетілген кірістердің үлес салмағы 2024 жылғы деңгейде қалып, 0,05 % құрады.

Орталық депозитарийдің клиенттердің ағымдағы шоттарындағы ақшаға сыйақыдан түсетін кірістері 2024 жылмен салыстырғанда 1 879,78 млн теңгені (+170,07 %), 2024 жылы Орталық депозитарийдің атына қызмет көрсететін банктерде ашылған шоттардағы ақшаның нақты қалдықтарын ескере отырып, 696,04 млн теңгеге өсті және 2025 жылы құрады. Аталған кірістердің үлес салмағы 2025 жылы Орталық депозитарий кірістерінің жалпы сомасында 15,2 %, ал 2024 жылы – 6,96 % құрады.

Орталық депозитарийдің басқа да операциялық кірістерінің құрамына бағдарламалық қамтылымды пайдаланғаны және сүйемелдегені үшін алымдардан, халықаралық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістер, ААБЖ-ға ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ҚБЕО/ҰТК қызметтеріне ақы төлеуге берілетін алымдардан түсетін кірістер, сондай-ақ Орталық депозитарийдің салықтарын өтеуге алынатын алымдардан түсетін кірістер енгізілді. Басқа операциялық кірістер 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда, 17,62 млн теңгеге ұлғайды (+65,25 %). Орталық депозитарийдің жалпы сомасындағы басқа операциялық кірістердің үлес салмағы 2025 жылы 0,36 %, 2024 жылы – 0,27 % құрады.

Орталық депозитарийдің өзге де кірістері 2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы 290,12 млн теңгеге (+25,22 %) ұлғайды. Аталған кірістердің үлес салмағы 2024 жылғы 11,51 %-дан 2025 жылы 11,64 %-ға дейін өсті. Басқа кірістердің құрамында Орталық депозитарийдің меншікті активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған кірістер, бағамдық айырмадан түскен кірістер, демеушілік және серіктестік жарналар, резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер және басқалар көрсетілген. Басқа да кірістердің өсуі

негізінен ұйымдастырушысы Орталық депозитарий болып табылатын WFC-Орталық депозитарийлердің Дүниежүзілік форумын өткізу шеңберінде демеушілер мен серіктестерден жарналардың түсуіне және қаржы нарығындағы кірістілік мөлшерлемесі мен 2025 жылғы қазаннан бастап базалық мөлшерлеменің 18 % дейін көтерілуіне байланысты 2024 жылмен салыстырғанда, меншікті активтерді инвестициялаудан түскен кірістердің 133,09 млн теңге (+12,59 %) сомасына өсуімен негізделді.

6.2. Шығыстар

Орталық депозитарийдің 2025 жылғы шығыстарының жалпы сомасы 9 781,82 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткіштен 1 788,58 млн теңгеге (+22,38 %) жоғары.

